PDF нұсқаулығы мен принтер драйверін төмендегі URL мекенжайынан жүктеуге болады.

<http://www.canon.com/icpd/>

- Интернетке компьютерден қосылыңыз және жоғарыдағы URL мекенжайына өтіңіз.
- Еліңізге/аймағыңызға арналған сайтқа кіріңіз.
- PDF нұсқаулығын қарау үшін Adobe Reader бағдарламасы қажет.
- Егер компьютерден басып шығарсаңыз, принтер драйверін жүктеу және орнату ретінде мәліметтер алу үшін PDF нұсқаулығын қараңыз.

## Сия және қағаз (Бөлек сатылады)

Пайдаланудан бұрын түрлі-түсті сия / қағаз бумасын сатып алыңыз.

Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы	Қағаз өлшемі (Басуға болатын баспалар саны)
Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы RP-108 (Фотосурет қағазы) *1	Ашық хат (108)
Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы RP-1080V (Фотосурет қағазы) *1	Ашық хат (1080)
Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы KP-36IP (Ашық хат) *1	Ашық хат (36)
Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы KP-108IN (Фотосурет қағазы) *1	Ашық хат (108)
Түрлі-түсті сия / Қағаз бумасы KC-36IP *2	Карта өлшемі (36)
Түрлі-түсті сия / Затбелгі бумасы KC-18IF (Толық бет затбелгісі) *2	Карта өлшемі (18)
Түрлі-түсті сия / Затбелгі бумасы KC-18IL (Бір бетке 8 затбелгі) *2	Карта өлшемі (18)
Түрлі-түсті сия / Затбелгі бумасы KC-18IS (Тікбұрышты белгілер) *2	Карта өлшемі (18)

\*1 PCP-CP400 қағаз кассетасын қолданады (SELPHY өнімімен қосылған)

\*2 PCP-CP400 қағаз кассетасын талап етеді (бөлек сатылады).

## Қауіпсіздік ескертулері

- Өнімді қолданбас бұрын төменде берілген қауіпсіздік ескертулерін оқып шығыңыз. Өнімнің дұрыс қолданылуын бақылаңыз.
- Келесі беттегі қауіпсіздік ескертулері өзіңізді немесе басқаларды жарақаттаудың алдын алу және құралды зақымнан сақтау үшін жазылған.
- Бөлек сатылатын қосалқы құралдармен берілген нұсқаулықтарды да міндетті түрде оқыңыз.



### Ескерту

Қатты жарақат немесе өлім қаупі барын көрсетеді.

- **Бұл құралды балалар мен сәбилердің қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.** Байқаусыз баланың мойнына іле салған қуат сымы баланың тұншығуына әкелуі мүмкін.

- **Тек ұсынылған қуат көздерін қолданыңыз.**
- **Өнімді бөлшектеуге, өзгертуге немесе жылытуға болмайды.**
- **Принтерді құлатып алудан немесе зақым келтіретін затқа соғып алудан сақтаңыз.**
- **Жарақаттанудан абай болыңыз, өнімді соғып немесе бұзып алмасаңыз, принтердің ішкі жағын қозғамаңыз.**
- **Егер өнім түтіндесе, бейтаныс иіс шығарса немесе дұрыс жұмыс істемесе, бірден қолдануды тоқтатыңыз.**
- **Өнімді тазалау үшін алкоголь, бензин немесе бояу ерітіндісі сияқты органикалық ерітінділерді қолдануға болмайды.**
- **Өнімге су (мыс: теңіз суы) немесе басқа сұйықтық тигізбеңіз.**
- **Өнімге сұйықтық немесе бөтен заттар кіргізбеңіз.**

Бұл электр тогының соғуына немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Егер өнімге су тисе, өнімді қуат көзінен суырып, сатушыға немесе Сапон тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

- **Найзағай кезінде принтерді немесе қуат ашасын ұстамаңыз.**

Бұл электр тогының соғуына немесе өртке себеп болуы мүмкін. Құралды пайдалануды тоқтатыңыз да, құралдан алыс кетіңіз.

- **Қуат сымын қуат көзінен жиі суырып, қуат ашасын, қуат розеткасының сыртын және айналасын құрғақ шүберекпен сүртіп, шаңнан тазалап тұрыңыз.**
- **Қуат сымын ылғал қолдарыңызбен ұстамаңыз.**
- **Құралды электр розеткасының немесе байланыс құралдарының номиналды сыйымдылығынан асатын жолмен қолданбаңыз. Егер қуат сымы немесе ашасы зақымданса, не болмаса розеткаға толық кірмесе, қолданбаңыз.**
- **Кір немесе темір заттардың (түйреуіш немесе кілт сияқты) терминалдарға немесе ашаға тиеуін қадағалаңыз.**
- **Қуат сымын кесуге, зақымдауға, өзгертуге немесе үстіне ауыр зат қоюға болмайды.**

Бұл электр тогының соғуына немесе өртке себеп болуы мүмкін.

- **Берілген CD-ROM дискілерін деректер CD-ROM дискілерін қолдамайтын ықшам диск ойнатқыштарында ойнатпаңыз.**

Ықшам диск ойнатқышында ойнатылған CD-ROM дискілерінің қатты дыбысын құлақаспаппен тыңдаудан есту қабілеті жоғалуы мүмкін. Оған қоса, CD-ROM дискілерін дыбыс ықшам диск ойнатқышында (музыка ойнатқыш) ойнату үндеткіштерді зақымдауы мүмкін.



### **Абайлаңыз!**

Жарақаттану қаупін көрсетеді.

- Қолыңыздың ешқандай бөлігін принтердің ішкі жағына тигізбеңіз.
- Адамдар қуат сымын басып кетпеу үшін SELPHY принтерін қауіпсіз жерге қойыңыз.

Солай жасамау жарақат алуға немесе принтердің зақымдалуына себеп болады.

- Өнімді мына жерлерде қолдануға, қоюға немесе сақтауға болмайды.
  - күн сәулесі тікелей түсетін жерде
  - 40 °C температурадан жоғары жерде
  - ылғалды және шаңды жерде
  - қатты тербеліске бейім жерде

Бұл принтердің немесе адаптердің қызып кетуіне немесе зақымдалуына себеп болады, соның салдарынан электр тогының соғу, күйіп қалу не басқа жарақатқа немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Жоғары температура өнімді немесе адаптерлерді бұзуы мүмкін.

### **АБАЙЛАҢЫЗ!**

Жабдыққа зақым келу мүмкіндігін көрсетеді.

- Егер қолданбасаңыз, өнімді қуат көзінен ажыратып қойыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған принтердің үстіне шүберек сияқты заттарды қюдан аулақ болыңыз.

Құралды ұзақ уақыт қуат көзіне қосып қою қатты қызуына және бұзылуына әкеледі, нәтижесінде өртке әкелуі мүмкін.

- Қағаздың көп бөлігі бос болса да, қағазды қайтадан басып шығару үшін ешқашанда қолданбаңыз.

Егер қағаз кептелсе немесе сия парағы қағазға жабысса, қағазды қайта пайдалану принтерді зақымдауы мүмкін.

- Принтерді басып шығару барысында суырмаңыз.

Егер басып шығару барысында принтерді байқаусызда өшірсеңіз, оны қайта қосыңыз да, қағаз шыққанға дейін күтіңіз. Егер қағаз кептелсе және алынбаса, сатушыға немесе Сапон тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Кептелген қағазды күштеп алмаңыз, принтерді зақымдап алуыңыз мүмкін.

- Принтерді мотордың, қатты магнитті өрістер шығаратын құрылғылардың немесе шаңды орталарда пайдаланбаңыз.

Бұл принтердің зақымдалуына немесе ақаулығына себеп болуы мүмкін.


## Пайдаланудан бұрын

- Бұл өніммен бірге басып шығарылған кескіндер жеке көңіл көтеруі үшін пайдаланылады. Авторлық құқығы қорғалған материалды рұқсатсыз басып шығаруға тыйым салынған.
- Принтер кепілдігі немесе Сапон тұтынушыларға қолдау көрсету орталығы туралы қосымша ақпарат үшін принтермен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығы жинағында берілген кепілдік ақпаратын қараңыз.
- СҚД мониторы өте жоғары дәлдікпен өндіру шарттарымен жасалған және 99,99% пиксель дизайн сипаттамаларына сәйкес келеді, кейбір пиксельдер ақаулы немесе қызыл не қара нүктелермен пайда болуы мүмкін. Бұл зақымды білдірмейді. Оған қоса, басып шығарылған суреттерге әсер етпейді.
- Тасымалдағанда СҚД мониторы тырналып қалмас үшін жұқа пластик таспамен жабылады. Солай болса, қолданбас бұрын таспаны алып тастаңыз.


## Бастапқы дайындаулар

Басып шығару үшін төмендегідей дайындаңыз. Бұл мысалы ашық хат өлшемін түрлі түсті сия / қағаз бумасы (бөлек сатылады), бірақ басқа өлшемдер үшін бірдей қадамдар орындалады.

### Сия кассетасын дайындау



Сия парағы







#### 1 Сия кассетасы мен сия парағын тексеріңіз.

- Сия парағын түртпестен сия кассетасын ұстаңыз, өлшемі басып шығарылатын қағаздың өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізу үшін өлшемін ("Ашық хат өлшемі" немесе "Карта өлшемі" сияқты) тексеріңіз.
- Сия парағы тартулы екеніне көз жеткізіңіз. Бос сия парақтары салған кезде жыртылуы мүмкін. Егер парақ бос болса, барабанды көрсетілгендей бұраңыз.
- Парақты тартылып тұратын ету үшін барабанды бұраған кезде босату үшін төменгі жағында құлпы бар сия кассетасында құлыпты (көрсетілгенде) басыңыз.



- Сия кассетасын ылғал қолдарыңызбен ұстамаңыз. Сия парағын ұстамаңыз, үстіне шаң жиналуына жол бермеңіз. Кір немесе ылғал жолақтың пайда болуына немесе басып шығару сапасына әсер етуі, сия парақтарын жыртуы, басып шығаруға жол бермеуі немесе принтерді зақымдауы мүмкін.
- Барабанды бұраған кезде, оны парақ тартылғанға дейін жайлап бұраңыз. Барабанға күш салу немесе қаттылап тарту сия парақтарын жыртуы және басып шығаруға кедергі келтіруі немесе SELPHY принтері қағаздан бұрын сияны шығаруы мүмкін.
- Сия кассеталарын ешқашанда қайта пайдаланбаңыз, принтер зақымдалуы немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

## Қағаз қорабын дайындау



### 1 Қағаз өлшемін тексеріңіз.

- Қағаз кассетасындағы өлшемін (“Ашық хат өлшемі” немесе “Карта өлшемі” сияқты) сия кассетасының өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

### 2 Екі қақпақты ашыңыз.

- Қақпақтардың екі қабаты бар. Алдымен сыртқы қақпақты (1) ашыңыз, одан кейін ішкі қақпақты (2) ашыңыз.

### 3 Қағазды салыңыз.


- Қағазды қағаз кассетасына салыңыз.
- Қағаз кассетасы 18 параққа дейін ұстайды. 19 немесе одан көп қағаз жүктеу принтерді зақымдауы немесе дұрыс жұмыс істеуге себеп болуы мүмкін.
- Қағазды көрсетілгендей ұстап, оны жылтыр жағын жоғары қаратып салыңыз. (Қағаздың жылтыр жағын ұстамаңыз, басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін.)
- Қағаздағы қандай да бір қорғаныс парақтарын алып тастаңыз да, кассетаға тек қағаздың өзін салыңыз.
- Ашық хатты мөрге орын қалдырып басып шығарған кезде, қағазды мөр басылатын аймағымен көрсетілгендей қаратып салыңыз.

### 4 Ішкі қақпақты жабыңыз.

- Ішкі қақпақты орнына түскенге дейін мықтап жабыңыз.
- Басып шығарған кезде сыртқы қақпақты ашық қалдырыңыз.


- ❗ • Бұл өнім SELPHY CP принтерлеріне арналған түпнұсқа Canon түрлі-түсті сиясын / қағаз жинақтарын қолданғанда керемет өнімділікке қол жеткізу үшін жасалған. Canon компаниясы SELPHY CP принтерлеріне үшін түпнұсқа емес Canon түрлі-түсті сиясын / қағаз жинақтарын пайдалану салдарынан болған ақаулықтарға жауапты болмайды.
- Келесі әрекеттерді ешқашанда орындамаңыз. Бұл принтердің зақымдалуына немесе ақаулығына себеп болуы мүмкін.
  - Қағазды жылтыр және арты жақтарын теріс төңкеріп салу
  - Басып шығармас бұрын қағазды бүктеу немесе тесу
  - Үстіңгі беті аршылған немесе жартылай тартылған заттаңба қағазын пайдалану
  - Басып шығарудан бұрын қағазға жазу
  - Бос аймақтарына басып шығару арқылы қағазды қайта пайдалану
- Қағаз кассетасындағы серіппелерге тиемеңіз. Серіппелерді байқаусызда майыстыру тиімді қағаз беруге кедергі келтіруі мүмкін.
- Бір серіппе карта өлшемді қағаз кассеталарының жоғарғы жағындағы ортаға тағылғанын ескеріңіз.
- Қағаздың жылтыр басып шығарылатын жағын ұстамаңыз немесе үйкемеңіз. Қағазды дымқыл қолмен ұстамаңыз, қағазды шаң болудан сақтаңыз. Кір немесе ылғал жолақтың пайда болуына не басып шығару сапасына әсер етуі немесе принтерді зақымдауы мүмкін.

## Кассеталарды салу




### 1 Қақпақтарды ашыңыз.

- Сия және қағаз бөлімдерінің қақпақтарын ашыңыз.



### 2 Сия кассетасын салыңыз.


- Сия кассетасын принтерге суреттегі жебе бағыты бойынша орнына сырт етіп түскенге дейін енгізіңіз.
- Сия кассетасы бөлігінің қақпағын жабыңыз.



### 3 Қағаз кассетасын салыңыз.


- Сыртқы қақпақтың ашық екеніне көз жеткізіп, қағаз кассетасын бөлікке енгізіңіз.

## Қуатты қосу



### 1 Адаптер сымын SELPHY принтеріне жалғаңыз.

- Адаптердің ашасын SELPHY принтеріндегі қуат кірісіне енгізіңіз.




### 2 Қуат сымын қосыңыз.

- Қуат сымын ықшам қуат адаптеріне қосып, екінші ұшын қуат розеткасына қосыңыз.


## Шаңнан қорғау қақпақтарын тағу

Шаңнан қорғайтын қақпақтарды тағу қағазды таза және шаңнан сақтайды. Кейбір аймақтарда шаңнан қорғайтын қақпақтар қосылмағанын ескеріңіз.




### Артқы қақпақты тағу және алу

- Артқы шаңнан қорғайтын қақпағын суретте көрсетілгендей салыңыз.
- Қақпақты толығымен салыңыз, қақпақтың және принтердің арасында саңылау қалдырмаңыз.



- Алу үшін алдымен қойындыларды босату үшін жоғары көтеріңіз, одан кейін өзіңізге қарай тартыңыз.



### Алдыңғы қақпақты тағу және алу

- Алдыңғы шаңнан қорғайтын қақпақтың қойындысын суретте көрсетілгендей салыңыз.
- Алу үшін өзіңізге қарай тартыңыз.




● Қағазды сыртта немесе шаңды орталарда шаңнан қорғау мүмкін болмайды. Принтерді қолданған жеріңізді байқаңыз.



## Қалыпты тазалау

Егер тазалағыш құрылғы қосылмаса, баспаларда жолақтардың пайда болуын болдырмау үшін қалыпты тазалап тұрыңыз. Тазалағыш құрал барлық аймақтарда берілмеуі мүмкін екендігін ескеріңіз.




### Принтерді тазалаңыз.

- Принтерге салынған болса сия кассетасын шығарып алыңыз.
- Көрсеткі жағын жоғары қаратып, тазалағыш құралды ішкі жаққа толығымен және сия кассетасы бөлімінен сыртқа қарай 2 – 3 рет жылжытыңыз.
- Тазалағыш құралды шаңнан қорғау үшін қапта немесе басқа ыдыста сақтаңыз.



- Тазалағыштағы ақ жолақты ұстамаңыз. Бұл тазалау өнімділігіне әсер етуі мүмкін.
- Басқа тазалағыш құралдарды қолданбаңыз, олар принтерді зақымдауы мүмкін.
- Егер баспаларда тазалағыш құралды қолданғаннан кейін де жолақтар пайда болса, Сапон тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

## Дисплей тілін таңдау



### 1 SELPHY принтерін қосыңыз.

- <ON> түймешігін сол жақтағы экран көрсетілгенге дейін басып тұрыңыз.
- SELPHY принтерін өшіру үшін <ON> түймешігін экран өзгергенге дейін қайта ұстап тұрыңыз.

### 2 Экранды (СКД мониторы) көтеріңіз.

- Экранды 45° дәрежеден жоғары көтермеңіз, принтер зақымдалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін.

### 3 Параметр экранына өтіңіз.

- <MENU> түймешігін басыңыз.
- <OK> түймешігін басыңыз.

### 4 Тіл орнату экранына өтіңіз.

- [Язык/Тіл] опциясын таңдау үшін <▲><▼> түймешіктерін басып, одан кейін <OK> түймешігін басыңыз.

### 5 Тілді таңдаңыз.

- Тілді таңдау үшін <▲><▼><◀><▶> түймешіктерін басып, одан кейін <OK> түймешігін басыңыз.

## Қолдау көрсетілген жад карталарын тексеру

Қолдау көрсетілген жад карталары төменде берілген.

- SD жад картасы
- SDHC жад картасы
- SDXC жад картасы
- miniSD жад картасы\*
- miniSDHC жад картасы\*
- microSD жад картасы\*
- microSDHC жад картасы\*
- microSDXC жад картасы\*
- CF (CompactFlash) картасы 
- Микродиск
- xD-Picture картасы\*

\*Қосымша арнайы адаптерді қажет етеді.




- Адаптерді қажет ететін жад карталары үшін адаптерді карта ұясына салмастан бұрын картаны әрдайым адаптерге салыңыз. Егер адаптерді қолданбай жад картасын карта ұясына салсаңыз, картаны принтерден шығара алмауыңыз мүмкін.
- Фотосурет түсіретін құрылғымен пішімделген жад картасын пайдаланыңыз. Компьютерде пішімделген жад картасындағы суреттер анықталмауы мүмкін.

## Суреттерді басып шығару (Таңдау және басып шығару)

Суреттерді таңдаңыз және баспа санын төмендегідей көрсетіңіз. Бұл жерде SD жад картасынан басып шығару мысалы сипатталған, бірақ осы қадамдармен басқа жад карталарынан басып шығаруға болады.

### 1 SELPHY принтерін қосыңыз және экранды көтеріңіз.


- SELPHY принтерін қосу және экранды көтеру үшін “Дисплей тілін таңдау” бөліміндегі 1 – 2 қадамдарды орындаңыз.



Белгі жағы

### 2 Жад картасын ұяға салыңыз.

- Жад картасын орнына түскенге дейін көрсетілгендей қаратып салыңыз.
- Картаны шығарып алу үшін, оны сырт еткенше басып, жайлап босатыңыз.
- Келесі қадамда қолданылатын суретті көрсету экраны көрсетіледі.



Ағымдағы суреттің баспа саны

Жалпы баспа саны

### 3 Сурет таңдаңыз.

- Басып шығаратын бейнені таңдау үшін <<<>>> түймешіктерін басыңыз.
- Бес сурет алға немесе артқа өту үшін <<<>>> түймешіктерін басып тұрыңыз.



#### 4 Баспа санын көрсетіңіз.

- Баспа санын көрсету үшін <▲><▼> түймешіктерін басыңыз.
- Бес баспа санына көбейту немесе азайту үшін <▲><▼> түймешіктерін басып тұрыңыз.
- Бір уақытта басқа суретті басып шығару үшін, 3-4 қадамдарды қайталаңыз.



#### 5 Басып шығару.

- Басып шығаруды бастау үшін <🖨️> түймешігін басыңыз.
- Басып шығару барысында қағаз SELPHY принтерінің артынан бірнеше рет кіріп-шығуы мүмкін. Қағазды басып шығару аяқталғанша және баспа қағаз кассетасына шыққанға дейін ұстамаңыз.
- Қағаз кассетасындағы шығару аймағына 19 немесе одан да көп баспаның жиналуына жол бермеңіз.
- Орындалу үстіндегі басып шығаруды болдырмау үшін <↵> түймешігін басыңыз.



- Принтерді қосқаннан кейін бірден немесе басып шығару кезінде принтердің жұмыс дыбысы естіліп тұрғанда, қағаз кассетасын тартпаңыз, сия кассетасы бөлімінің қақпағын ашпаңыз немесе жад картасын шығарып алмаңыз. Бұл принтерді зақымдауы мүмкін.
- Орындалу үстіндегі басып шығаруды болдырмау үшін <↵> түймешігін басыңыз. Басып шығару <🖨️> түймешігін басу арқылы тоқтатылмайды және принтерді розеткадан ажырату оны зақымдауы мүмкін.

## Әртүрлі басып шығару опциялары

Осы жерде сипатталған мүмкіндіктерді пайдаланған кезде жүктелген PDF нұсқаулығын қараңыз және кел келген сақтық шараларды оқыңыз.

### Барлық суреттерді басып шығару

Жад картасындағы барлық суреттерді бір уақытта төмендегідей басып шығарыңыз.

- <🖨️> түймешігін басыңыз да, [Печать всех изображ./Барлығын басып шығару] опциясын таңдаңыз.

### Суреттерді қиып алу





Суреттің тек таңдалған аймақтарын төмендегідей басып шығарыңыз.

- Сурет таңдаңыз және орнатуды орындау үшін EDIT түймешігін басыңыз.

## Идентификатор фотосуреттерін басып шығару

Суреттерді фотосурет идентификациясында пайдалану үшін басып шығаруға болады. Төмендегі үш өлшеммен таңдауға болады: [Пользоват./Таңдамалы], [Стандартный/Стандартты] және [Двойной/Қос]. [Пользоват./Таңдамалы] және [Стандартный/Стандартты] өлшеммен әрбір параққа екі түрлі сурет басып шығаруға болады.

\* [Стандартный/Стандартты] өлшемдері ІСАО халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.



### 1 Идентификатор фотосуретін басып шығаруды көрсетіңіз.

- <MENU> түймешігін басыңыз.
- [ID Фото/Идентификатор фотосуреті] опциясын таңдау үшін <▲><▼> түймешіктерін, одан кейін <OK> түймешігін басыңыз.

### 2 Фотосуреттің аяқталған өлшемін көрсетіңіз.

- Өлшемі қалай анықталғанын көрсету үшін <◀><▶> түймешіктерін басыңыз.
- [Пользоват./Таңдамалы]: [Длина/Ұзын жағы] таңдау үшін <▲><▼> түймешіктерін басыңыз да, ұзындықты көрсету үшін <◀><▶> түймешіктерін басыңыз. [Ширина/Қысқа жағы] ұзындығын көрсетіңіз, одан кейін <OK> түймешігін басыңыз.
- [Стандартный/Стандартты] немесе [Двойной/Қос]: Көрсетілген сурет өлшемі тексеріңіз де, <OK> түймешігін басыңыз.

### 3 Сурет таңдаңыз.

- Сурет таңдау үшін <◀><▶> түймешіктерін, одан кейін <▲> түймешігін басыңыз. ✓ төменгі оң жақта көрсетіледі.
- Қиып алу аймағын көрсету үшін сурет таңдау экранындағы EDIT түймешігін басыңыз.
- [Стандартный/Стандартты] және [Двойной/Қос] өлшемдерімен стандартты бет өлшеміне және орнына сәйкес келетін фотосурет басып шығару үшін қиып алу жақтауын бір сызық бастың үстінде және екіншісі маңдайда болатын етіп реттеңіз.

### 4 Басып шығару.

- “Суреттер басып шығару (Таңдау және басып шығару)” бөлімінің 5-ші қадамында сипатталғандай басып шығарыңыз.



- Жад картасы салынғанда және басып шығарғаннан кейін Идентификатор фотосуреті параметрлері экранын әдепкідей көрсету үшін <[Menu]> түймешігін басыңыз. [Изменить установки/Параметрлерді өзгерту] ► [Приоритет ID фото/Идентификатор фотосуреті басымдылығы] опциясын таңдаңыз да, [Вкл./Қосу] күйін таңдаңыз.
- Фотосурет арнайы мақсатына байланысты ресми идентификатор фотосуреті ретінде қабылданбауы мүмкін. Мәліметтер үшін фотосуретті талап ететін мекемеге хабарласыңыз.

## Әртүрлі параметрлермен басып шығару

Суреттерді баспа өңдеумен, жиектермен не жиектерсіз, әртүрлі бет орналасуларымен және суреттерді түзеткеннен кейін де басып шығаруға болады.

- [Изменить установки/Параметрлерді өзгерту] опциясын таңдау үшін <[Menu]> түймешігін басыңыз.




- [Сохран.настр.печати/Басып шығару параметрлерін сақтау] опциясында SELPHY принтері [Поля/Жиектер] және [Вид страницы/Бет орналасуы] параметрлерін сақтайды.

## Қуат көзісіз басып шығару

Қуат көзі жоқ жерде басып шығару үшін NB-CP2L батарея бумасын (бөлек сатылады) пайдаланыңыз.


### Батареяны тағу



#### 1 Батареяны бекіту қақпағын алыңыз.

- Қосқыш көрсеткі (1) бағытында болғанда алу үшін қақпақты көрсеткінің (2) бағытымен жылжытыңыз.





#### 2 Батарея салатын жердің жапқышын ашыңыз.








#### 3 Батареяны тағыңыз.

- Терминалдың ұшын көрсеткі (1) бағытымен жылжытыңыз екінші ұшын (2) орнына түскенге дейін салыңыз.

## SELPHY пайдалану үшін батареяны зарядтау

- SELPHY принтері қуат көзіне қосылған кезде зарядтау басталады және экранда  жыпылықтайды.
- Зарядтау төрт сағатта аяқталса (бөлме температурасында),  енді көрсетілмейді.
- SELPHY принтері  жыпылықтап тұрған кезде де пайдалану үшін қосылады. Дегенмен, зарядтау тоқтайды. Қуат өшірілген кезде  жыпылықтайды және зарядтау жалғасады.



- Батарея сақтық шаралары үшін батареяның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
-  көрсетілген кезде SELPHY принтерін жұмыс температурасындағы ортаға қойыңыз және қоршаған орта температурасын реттелген соң зарядтаңыз.
-  көрсетілген кезде,  опциясын алып тастау үшін <⏪> түймешігінен басқа түймешікті 3 секундтай немесе одан көбірек басып тұрыңыз. Батареяның әлі де зарядталып жатырғанын тексеру үшін <⏩> түймешігінен басқа кез келген түймешікті басуға болады, одан кейін  шамамен 10 секундтай пайда болады.
-  қызыл түсте көрсетілген кезде батареяның жарамдылық мерзімі аяқталғанын білдіреді. Жаңа батарея сатып алыңыз.



- Батарея сақтық шаралары үшін батареяның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

### Түпнұсқа Canon қосалқы құралдарын және тұтынылатын заттарын пайдалану ұсынылады.

Бұл өнім түпнұсқа Canon қосалқы құралдарын және тұтынылатын заттарын пайдаланылғанда керемет өнімділікке қол жеткізетін етіп жасақталған.

Canon бұл өнімге Canon өндірімеген қосалқы құралдардан туындаған (мысалы, батареяның ағуы және/немесе жарылуы) зақымға және/немесе өрт, т.б. сияқты апаттарға жауапты емес. Canon компаниясының коммерциялық кепілдігі (ұсынылған жерде) түпнұсқа емес керек-жарақтарды немесе тұтынылатын заттарды пайдалану салдарынан болған зақымды қамтымайды.

#### **АБАЙЛАҢЫЗ!**

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ТҮРІ САЛЫНБАСА, АТЫЛУ ҚАУПІ БАР. ҚОЛДАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ТАСТАҢЫЗ.

#### **Компьютерге қосу**

SELPHY принтерін компьютерге жалғау үшін SELPHY ұшында Mini-B қосқышы бар USB кабелін (бөлек сатылады, максималды 2,5 м) пайдаланыңыз.

#### **Сауда белгілері мен лицензиялары**

- CF5 логотипі CompactFlash Association компаниясының сауда белгісі болып табылады.
- SDXC логотипі SD-3C, LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.
- Барлық басқа сауда белгілері өздерінің тиісті иелерінің меншігі болып табылады.
- Бұл құрылғы Microsoft корпорациясы лицензиялаған exFAT технологиясын қамтиды.
- Бұл бағдарламада қолданылған код бөлшектері жартылай Тәуелсіз JPEG Тобының жұмысына негізделген.

#### **Өнімді онлайн тіркеу**

Өнімді <http://www.canon-europe.com/manual-register> бойынша онлайн тіркеу үшін бірнеше минут бөліңіз және сізге мыналар ұсынылады:

- **Жеке қауіпсіз Canon есептік жазбасы және жүйеге кіру мәліметтері**  
«Irista» және «The Gallery» сияқты Canon қызметтеріне кіру мүмкіндігі
- **Ең соңғы өнім және жарнама ақпараты тікелей кіріс жәшігіңізде болады**  
Біздің электрондық пошталарға жазылыңыз және өнімдер, оқиғалар және жарнамалар, оған қоса, тәжірибелік ақыл кеңестерді және оқулықтарды бірінші болып алыңыз.
- **Сізге жекелендірілген ақпарат**  
Сізге жіберілген ақпаратты бейімдеу үшін бізге өзіңіз және Canon өнімдеріңіз туралы біраз ақпарат беріңіз.

## **SELPHY CP1000**

### **Техникалық деректері**

#### **Қуат көзі**

- CA-CP200 В ықшам қуат адаптері
- NB-CP2L батарея бумасы (бөлек сатылады)

#### **Өлшемдері**

- 178,0 x 135,0 x 60,5 мм ысырмаларын қоспағанда

#### **Салмағы (тек принтер)**

- Шамамен 840 г

Шыққан жері: орам қорабын қараңыз.

Өндірілген күні: өнімнің жасалған күні орам қорабында көрсетілген.

ООО «Канон Ру»

Серебряническая набережная, 29, 8-й этаж, бизнес-центр «Серебряный город», Москва,  
109028, Россия (Ресей)

Қазақстан үшін импорттаушы

«Байланыс ақпараты орам қорабында көрсетілген.»

Қауіпсіз жерде сақтаңыз.

**CANON EUROPA N.V.** Bovenkerkerweg 59, 1185 XB Amstelveen, The Netherlands  
**CANON INC.** 30-2, Shimomaruko 3-chome, Ohta-ku, Tokyo 146-8501, Japan

РЕСЕЙДЕ БАСЫЛҒАН

© CANON INC. 2015